

## Хаттамасы № 2

Күні: 24.09.2025 жыл

**Қатысқандар:** Г.С.Алиева - құқықтық кеңестің төрағасы, мектеп директоры, А.Каєпов – төраға орынбасары, ТІЖО, Д.Арингазина – мектеп психологі, А.Жумабаева – әлеуметтік педагог, Л.Жумабаева – мед.бике, Г.Камсаева – Қосшы қаласы кәселетке толмағандар жөніндегі учаскелік полиция инспекторы, Умарова Ж – мектеп парламенті президенті.

**Қатыспағандар:** 0

**Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:**

1. «Тәуекел» тобына жататын оқушылар мен олардың отбасы туралы мәлімет және оларды есепке алу.
2. Аудандық кәмелет жасқа толмаған істер жөніндегі бөліммен бірлескен жұмыстың жоспарын талқылау .
3. Қыздардың үлгірімі мен тәртібі туралы.

**Тыңдалды:**

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп психологы Д.Арингазина сөз алды .  
Оқушылардың арасында зерттеу барысында «Тәуекел» тобына жататын оқушылар және отбасының жоқ екендігі туралы ,сонымен бірге тәуекел тобына жататын оқушы кездесетін болса, онда оларды есепке алу керектігі жөнінде айтылды. Оқушыларды үнемі назарда ұстап, бақылау керектігі жайлы да айтып өтті.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Каєпов сөз сөйледі.  
Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу, сондай-ақ, неше түрлі зиянды заттарға әуестенбеуін қадағалау. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы заңға енген өзгерістер туралы баяндамасында айтып өтті. Оқушылардың себепсіз сабақтан қалмауын ата-аналарына ескерту керектігін айтып өтті және аудандық білім бөлімімен жасалған кешенді жоспары туралы айтылды ,талдап талқыланып ,бекіту керектігін айтты.  
Қылмысқа қарсы күрес жөніндегі кәмелетке толмаған балалардың құқығы жөнінде құқық қорғау органдарымен кездесу ұйымдастыру қатаң қолға алыну керектігіне де тоқталды.
3. Мектептегі «Жауқазын» сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі С.Искакова сөз алып қыздардың жалпы тәртібі және тазалығы мектептегі іс- шараларға қатысуы туралы айтып өтті. Қыздардың жеке басының тазалығы, бояну, тырнақ жалғау, кірпік қоға болмайтындығын ескертті.

**Шешім:**

1. Мектеп психологымен бірлесіп ары қарай зерттеу жұмыстары жасалсын
2. Аудандық ішкі істер бөлімімен жоспар жасалып бекітілсін.
3. Қыздар жұмысы ары қарай қадағалансын.

Кеңес хатшысы  Г.И.Жакыбаева